

## **Сабақтың тақырыбы:**

Нәтиже сабақ .Мен не үйрендім?

## **Сабақтың мақсаты:**

8.5.2.1 - жазба жұмыстарында талғаулысалалас құрмалас сөйлемдерді құрастыру

## ЖАЗЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Сөйлемдерді талғаулы салалас сөйлемнің бір сыңары ретінде алып, сөйлем құра.

*Үлгі: Қазақстанның жер қойнауы әлі де көп игерілмеген табиғи байлықтарға толы не болмаса олар жартылай ғана игерілген.*

Қазақстанның жер қойнауы әлі де көп бөлігі игерілмеген табиғи байлықтарға толы. Кеңес уақытындағы «Қазақстанның жер қойнауынан Менделеев таблицасының барлық элементі табылады» деген сөз тегін айтылмаса керек. Біз жер қойнауында жасырынған осы мол байлықтың жүзден бір бөлігін де игергеніміз жоқ. Қазіргі кезде біздің еліміз табылған мұнай

қорының көлемі жөнінен (Каспий шельфіндегі энергия ресурсын есепке алмағанда) дүниежүзінде 12 орында, газ бен газ конденсаты жөнінде 15 орында тұр. Қазақстан үлесіне әлемдегі табылған және барланған мұнай қорының (Каспий шельфіндегі энергия ресурсын есепке алмағанда) 3-4%-ы тиеді. Ал Қазақстанның құрлықтағы бөлігіндегі нөмір сутек ресурсы қазіргі мезгілде 2,8 млрд тонна мұнай мен 1,8 трлн текшеметр газға тең (Н. Назарбаевтың «Қазақстан жолы» кітабынан).

## АЙТЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Кестені толықтыр. Елбасының қай жолдаулары кестеде берілмегенін анықта. Соңғы жолдау туралы көршіңмен сұхбат құрыңдар.

жолдау жарияланған мерзім	жолдаудың атауы
18.01.2014	Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ
14.12.2012	«Қазақстан-2050» стратегиясы. Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты
28.01.2011	Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!
1999 жыл, қыргүйек	Жаңа жүзжылдықтағы елдің тұрақтылығы мен қауіпсіздігі

## ОҚЫЛЫМ

**5-талсырма.** Мәтінді оқы. Мәтін бойынша жоспар құр.

... «Дүниені өзгерткің келсе — өзіңнен баста» деген қанатты сөзді басшылыққа ала отырып, әрқайсымыз бәсекеге түсуге және жеңіп шығуға үйренуіміз керек. Ал біздің жалпы бәсекеге қабілеттілігіміз, түпкі нәтижеде, халықтың жақсы тұрмысына жеткізуі тиіс. Мен бұл арада жаңағы айтылғандардың мағынасына неғұрлым тереңірек тоқталғым келеді. Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігі ұлттың тек материалдық қана емес, рухани баюына да әнелуі тиіс. Экономиканың өркендеуімен бірге соның ізінше мәдениет пен өнердің, қазақ тілінің, халқымыздың дәстүрлері мен өмірлік философиясының гүлденуі жүруге тиіс (Н. Назарбаевтың «Қазақстан жолы» кітабынан).

## ЖАЗЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Шығу парағын пайдаланып, сұраққа жазбаша жауап беріңдер.

1. «Мәңгілік елдің нұрлы жолы» тақырыбы бойынша не үйрендіңдер?
2. Сен үшін тақырыптың құнды жақтары қандай болды?
3. Өзіңнің, жолдастарыңның білімін бағала (өз жұмысыңа, жолдастарыңның топ ішіндегі әрекеттеріне көңілің тола ма?)
4. Осы тақырып бойынша тағы не білгің келеді?
5. Осы тақырып бойынша тағы қандай ақпарат көздерін оңисың?